ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1273404 сатып алу бойынша
Төмендету баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен

Лот № (34-1 У, 4590245) Баспалық мерзімдік басылымдарға жазылу бойынша қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушы: "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	34-1 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Баспалық мерзімдік басылымдарға жазылу бойынша қызмет көрсетулер, Басылып шығарылатын мерзімдік баспаларға жазылу қызметтері
Қосымша сипаттама	Мерзімді басылымдарға жазылу жөніндегі қызметтер
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., Мангистауская область, г.Актау
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Орындаушы мерзімді баспа басылымдары жарыққа шығып, өзіне келіп түскен сайын оларды Тапсырыс беруші ұсынған тізімге сәйкес жазылушыларға белгіленген мерзімде, кідіріссіз жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

Жазылушылардың (жеке тұлғалардың) жалпы саны – 1 672 адам, оның ішінде басқа қалалар мен елді мекендерде тұратын тұлғалар да бар. Баспа басылымдарының атаулары, саны, құны және шығу мерзімділігі қосымшада (құн есебінде) көрсетілген.

Мерзімді баспа басылымдарын жеткізуге және олардың алынғанын растауға қойылатын талаптар

1. Орындаушы Тапсырыс беруші ұсынған тізімде көрсетілген мекенжайлар бойынша мерзімді баспа басылымдарын (газеттерді) зейнеткерлерге тікелей, уақтылы және үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мерзімді басылымдар олардың белгіленген шығу жиілігі мен жеткізу мерзімдері сақтала отырып, тікелей алушыларға тапсырылуға тиіс.

3. Мерзімді басылымдардың нақты алынғанын растау мақсатында Орындаушы төмендегі мәліметтер міндетті түрде тіркелетін жеткізу тізілімін жүргізуге міндетті:

- алушының тегі, аты, әкесінің аты;

- жеткізу мекенжайы;

- мерзімді басылымның атауы;

- басылымның шығарылым нөмірі мен шыққан күні;

- нақты жеткізілген күні;

- басылымды алғанын растайтын алушының қолы.

4. Алушы көрсетілген мекенжайда болмаған жағдайда, Орындаушы алушымен келісу арқылы басылымды қайта жеткізуді ұйымдастыруға міндетті. Басылымды басқа тұлғаға тапсыруға алушының келісімімен ғана және бұл туралы жеткізу тізіліміне тиісті белгі енгізілген жағдайда жол беріледі.

5. Орындаушы ай сайын Тапсырыс берушіге мерзімді басылымдардың нақты жеткізілгені туралы есепті, зейнеткерлердің басылымдарды алғанын растайтын жеткізу тізілімдерін қоса ұсынады.

6. Тапсырыс беруші алушыларға телефон арқылы сауалнама жүргізу немесе заңнамада рұқсат етілген өзге де тәсілдер арқылы мерзімді басылымдардың нақты алынғанына іріктемелі тексеру жүргізу құқығын өзінде қалдырады.

7. Мерзімді басылымдардың уақтылы жеткізілмеуі, алынбауы немесе олардың тапсырылғанын растайтын құжаттардың болмауы фактілері анықталған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтарды өз қаражаты есебінен жоюға міндетті.

8. Мерзімді басылымдарды пошта қызметіне тапсыру немесе адресаттың алғанын растамастан пошта жәшігіне салу фактісі басылымның нақты тапсырылғанын растайтын жеткілікті дәлел болып табылмайды.

9. Мерзімді басылымдардың алынғанын құжатпен растайтын дәлелдер болмаған жағдайда, тиісті жеткізу расталмаған болып есептеледі және көрсетілген қызметтерді қабылдағанға дейін Тапсырыс берушінің қосымша тексеруіне жатады.

10. Орындаушы зейнеткерлердің дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге және ұсынылған мәліметтерді тек шарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында пайдалануға міндетті.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау

Көрсетілген қызметтердің сапасын бағалаудың негізгі өлшемшарты – зейнеткерлердің жазылымда көзделген мерзімді басылымдардың барлық шығарылымдарын нақты және уақтылы алуы. Бұл факт тиісті құжаттармен және Тапсырыс беруші жүргізген іріктемелі тексерулердің нәтижелерімен расталуға тиіс.

Заңды тұлғаларға арналған газеттер мен салалық журналдар басылымдардың шығу мерзімділігіне сәйкес Ақтау қаласы, 6-шағын аудан, № 1 ғимарат, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесі мекенжайына белгіленген мерзімде жеткізілуге тиіс.

Баспа өнімдерінің сапасына қойылатын талаптар

Баспа өнімдерін қабылдау, түсіру және Орындаушының аумағындағы қоймаларда сақтау оның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Баспа өнімдері мынадай сапа талаптарына сәйкес келуге тиіс:

- газеттің барлық таралымындағы барлық беттердің бояу қанықтылығы біркелкі және бірдей болуы;

- басылымдағы мәтіндер мен иллюстрациялардың таза, анық әрі эталондық үлгіге сәйкес басылуы;

- сапасыз даналардың (ластанған, шеттері жыртылған, мыжылған, әртүрлі дақтары, бояу шашырандылары мен аққан іздері бар) болмауы;

- газет беттерінің алдыңғы және артқы жақтарындағы баспа элементтерінің дәлме-дәл сәйкес келуі;

- таралымдық баспа таңбаларының бояу реңкі, бейне элементтерінің сипаты мен өлшемдері бойынша жазылым парақтарына және түстік сынама үлгісіне сәйкес келуі;

- түрлі түсті бояулармен басылған бейне элементтерінің бір-бірімен дәл үйлесуі.

Қызмет көрсету барысында жыртылған, ластанған газеттер мен журналдарды, сондай-ақ төмендегі ақаулары бар басылымдарды таратуға жол берілмейді:

- беттердің, иллюстрациялардың, оларға берілген жазулардың, тақырыптардың, жолдардың, әріптер мен белгілердің төңкеріліп басылуы, түсіп қалуы немесе орындарының ауыстырылып берілуі, мәтіннің немесе иллюстрациялардың айнадағыдай кері бейнеленуі;

- беттердің немесе олардың жекелеген бөліктерінің толық басылмауы;

- баспа элементтерінің анық түспеуі (бейне элементтерінің жоғалуы), бояудың жағылып кетуі, дақтардың, сызаттардың және қосарланып басылу ақауларының болуы.

Тапсырыс берушінің өкілдері қызметтердің көрсетілу барысын бақылау құқығын өздерінде қалдырады. Бұзушылықтар анықталған жағдайда, қызмет көрсету тоқтатылып, тиісті құжаттар ресімделеді.

Газеттер мен журналдардың саны шартқа қоса берілген қосымшада (құн есебінде) көрсетілген таралымға сәйкес келуге тиіс. Қызмет көрсету мерзімі шарт талаптарына сәйкес айқындалады. Шарттың қолданылу мерзімі – 2027 жылғы 1 қаңтардан 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Қол қойған	Бердіхан Тілектес Бердіханқызы
Қол қойылған күні	23.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1273404
способом Запрос ценовых предложений на понижение

Лот № (34-1 У, 4590245) Услуги по подписке на печатные периодические издания

Заказчик: Акционерное общество "Мангистаумунайгаз"

Организатор: Акционерное общество "Мангистаумунайгаз"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	34-1 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по подписке на печатные периодические издания, Услуги по подписке на печатные периодические издания
Дополнительная характеристика	Услуги по подписке на периодические издания
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Актау Г.А., Мангистауская область, г.Актау
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2027 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

Обеспечить доставку периодических изданий Заказчику по мере выхода подписных изданий из печати и получения их Исполнителем абонентами по списку Заказчика в срок и без задержек.

Абоненты (физические лица) - 1672 человека, в том числе и иногородние. Печатные издания, количество, стоимость и периодичность указаны в приложение (расчет стоимости).

Требования к доставке периодических печатных изданий и подтверждению их получения

1. Исполнитель обязан обеспечить своевременную и бесперебойную доставку периодических печатных изданий (газет) пенсионерам по адресам нарочно, указанным в списке, предоставленном Заказчиком.

2. Доставка периодических изданий должна осуществляться непосредственно получателям с соблюдением установленной периодичности выхода изданий и сроков доставки.

3. В целях подтверждения фактического получения периодических изданий Исполнитель обязан вести реестр доставки с обязательной фиксацией следующих сведений:

- Ф.И.О. получателя;

- адрес доставки;

- наименование периодического издания;

- номер и дата выпуска издания;

- дата фактической доставки;

- подпись получателя, подтверждающая получение издания.

4. В случае отсутствия получателя по указанному адресу Исполнитель обязан организовать повторную доставку по согласованию с получателем. Передача издания другому лицу допускается только с согласия получателя с соответствующей отметкой в реестре доставки.

5. Ежемесячно Исполнитель обязан предоставлять Заказчику отчет о фактической доставке периодических изданий с приложением реестров, подтверждающих получение изданий пенсионерами.

6. Заказчик оставляет за собой право осуществлять выборочную проверку фактического получения периодических изданий путем телефонного опроса получателей либо иными законными способами.

7. В случае выявления фактов несвоевременной доставки, неполучения или отсутствия подтверждения вручения периодических изданий Исполнитель обязан устранить выявленные нарушения за свой счет в течение 5 (пять) рабочих дней с момента получения уведомления Заказчика.

8. Факт передачи периодических изданий в почтовую службу либо размещения в почтовом ящике без подтверждения получения адресатом не является достаточным подтверждением фактического вручения издания.

9. При отсутствии документального подтверждения получения периодических изданий соответствующая доставка считается неподтвержденной и подлежит дополнительной проверке Заказчиком до приемки оказанных услуг.

10. Исполнитель обязан обеспечить конфиденциальность персональных данных пенсионеров и использовать предоставленные сведения исключительно в целях исполнения обязательств по договору.

Контроль качества оказания услуг

Основным критерием оценки качества оказанных услуг является фактическое и своевременное получение пенсионерами всех предусмотренных подпиской выпусков периодических изданий, подтвержденное соответствующими документами и результатами выборочных проверок Заказчика.

Для юридических лиц газеты и профильные журналы по адресу г Актау 6 мкр. здание №1 головной офис АО «Мангистаумунайгаз» в срок согласно периодичности издания.

Прием, разгрузка, хранение на складах на территории Исполнителя за свой счет печать должна соответствовать следующим критериям:

- равномерная и одинаковая насыщенность краской всех полос газеты во всем тираже;

- чистая и четкая, соответствовать эталону, должна быть четкая печать иллюстраций;

- отсутствие некачественных экземпляров (загрязненных, с надорванными краями, морщинами, пятнами различного характера, красочными брызгами и течением);

- идеальное совмещение лица газеты с ее оборотом;

- тиражные оттиски должны соответствовать подписным листам и цвет пробе по цветному тону краски, характеру и размерам элементов изображения.

- изображения на рельефах, напечатанных цветными красками, должно точно сочетаться друг с другом.

Не допускается распространение во время оказания услуг рваных, испачканных газет-журналов и газет-журналов со следующими дефектами их текста:

- перевернутые, пропущенные, перепутанные полосы, иллюстрации, подписи к ним, заголовки, строки, буквы и знаки, зеркальное расположение текста или иллюстрации;

- не допечатанные полосы (части полос);

- непропечатка (потеря элементов изображения), смазывание, пятна, царапины, сдвоенная печать.

Представители Заказчика оставляют за собой право контроля за оказанием услуг, в случае выявления нарушений оказание Услуг будут остановлены, составлены соответствующие документы.

Количество газет и журналов должно соответствовать тиражу, указанному в Приложении (расчёте стоимости) к договору. Срок оказания услуг определяется в соответствии с договором. Договор вступает в силу на период с 01.01.2027 г. по 31.12.2027 г.

Подписал	Бердіхан Тілектес Бердіханқызы
Дата подписания	23.11.2026